

## ● БӘРЕКЕЛДІ!

### Жас өрендер үздік атанды

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Мектеп оқушылары арасында өткен «Жыл оқушысы» республикалық байқауында қарағандылық өрендер жүлдегер атанды. 6-11 сынып оқушылары арасындағы республикалық байқау қашықтан өткізілді.

Еліміздің түпкір-түпкірінен қатысқан 60 бала арасында қарағандылық үш оқушы барлық кезеңнен мүдірмей өтті. Олар таныстыру, эссе жазу, шешендік өнері бойынша шығармашылық қабілетін танытты. Сонымен қоса, қазылар алқасы оқушыларды портфолиосы мен жетістіктері арқылы бағалады.

«Жыл оқушысы» байқауында №2 «Білім-инновация» лицейінің 7-сынып оқушысы Мәриям Төлеубаева екінші орын иеленді. Ол – ментальды арифметика бойынша облыстық, республикалық және халықаралық олимпиадалардың бірнеше дүркін жеңімпазы. Жас жеткіншек спорттан да құралақан емес. Болашақта мектепті «Алтын белгімен» бітіріп, дәрігер мамандығына оқуға түскісі келеді.

– Мен қоғамдық жұмыстарға белсенді араласамын. Сурет саламын, қарағмен айналысамын. Ментальды арифметиканы төрт жыл ішінде игердім. Әртүрлі іс-шараларға қатысқанды ұнатамын, ол дамуға және ашылуға көмектеседі. Бұл байқауда мен Абай Құнанбаевтың «Білімдіден шыққан сөз» өлеңін оқыдым. «Менің қиял-армандыма Қазақстан» тақырыбында эссе жазып, өз армандарымды қағаз бетіне түсірдім, – дейді Мәриям Төлеубаева.

Сондай-ақ, республикалық байқауда Балқаш қаласының Әлихан Ермеков атындағы мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Иван Гончаров та екінші орынға ие болды.

Ал, № 2 «Білім-инновация» лицейінің 9-сыныбында оқитын Адина Әбсадықоваға үшінші орын бұйырды.

Жеңімпаздарға дипломдар және сыйлықтар табысталды.

## ● ЖАҒЫМДЫ ЖАҒАЛЫҚ

### Жәрдемақы мөлшері артады

2022 жылдың 11 айында қазақстандықтарға мүгедектік және асыраушысынан айырылу бойынша жәрдемақы түрінде 402 млрд. теңгеден астам қаражат төленді.

2022 жылғы қараша айында республикалық бюджеттен мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы төлеуге 28,5 млрд. теңге, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша 9,3 млрд. теңге бөлінді.

1 желтоқсандағы мәліметке сәйкес, мүгедектік бойынша әлеуметтік жәрдемақы алушылар саны 527,7 мың, ал асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша 184,3 мың адамға жәрдемақы төленді.

Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы мөлшері мүгедектік тобына және себебіне, қайтыс болған (қаза тапқан) асыраушы отбасындағы адам санына, сондай-ақ тиісті қаржы жылына арналған «Республикалық бюджет туралы» Заңда белгіленетін ең төменгі күнкөріс деңгейіне байланысты болады.

Қазір мүгедектігі бойынша төленетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақының орташа мөлшері 54 062 теңге, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша төленетін жәрдемақы 50 368 теңгені құрады.

Аталған әлеуметтік жәрдемақы мөлшері 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі күнкөріс деңгейінің ұлғаюына байланысты 8,5%-ға артады.

Өз тілшімізден

## ● ПРЕЗИДЕНТ ШЫРШАСЫ

### Барлық бақыт – баланың күлкісінде



Жаңа жыл – балалар үшін ерекше мереке! Шат-шадыман күйге бөленеді, Аяз Атадан сыйлық күтеді. Қарағанды облысынан Президент шыршасына қатысқан 200 баланың да жүздері қуаныштан бал-бұл жанды.

Сағыныш ӘБІЛ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Көздеріндегі қуаныш, риясыз күлкі, шаттықты шақ ұмытылмас әсерге бөледі. Түрлі ертегі кейіпкерлерін сомдап, киімдерін киген жеткіншектерге ел Президентінің құттықтау лебізін облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев жеткізді.

– Қымбатты балалар мен ата-аналар, Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Сіздерді Жаңа жылмен құттықтағым келеді. Бүгін өте жақсы мереке болды. Баршаңызға зор денсаулық, бейбітшілік пен аман-

дық, бақытты балалық шақ және бар жақсылықты тілеймін, – деді өңір басшысы.

Балалар жасыл шыршаны айнала әндетіп, жыл кейіпкерлерімен бірге көңіл көтерді. Аяз Ата, Ақшақарға бар өнерлерін көрсетті.

– Бұл мерекеге 9 жастан 13 жасқа дейінгі балалар жиналды. Олар – конкурстардың, олимпиадалардың және спорттық жарыстардың жеңімпаздары, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар, көпбалалы және аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар. Біз шалғай аудандардан келген балаларға Қараған-

дыға жету үшін көлік ұйымдастырдық. Жаңажылдық мерекеге бір күн бұрын келген балаларды «Сарыжайлау» кино-театрына «Телдидің шытырман оқиғалары» мультфильміне апардық, – дейді облыстың білім басқармасының арнайы және қосымша білім беру, тұлғаны адамгершілік-рухани дамыту бөлімінің басшысы Аруна Мұқашева.

– Маған кеш қатты ұнады. Көңілді аниматорлар би билетіп, жарыстар өткізді. Жоғары деңгейде ұйымдастырылған деп айта аламын. Жаңа жылды барлық балалар отбасымен бірге қарсы алып, бақытты болса екен деп тілеймін, – дейді Абай ауданы, Жаңа Қараған ауылынан қатысқан бүлдіршін Мария Липченко.

№6 арнайы мектеп-интернатының тәрбиеленушісі Гаухар Ахмет жаңажыл-

дық шыршаның әдемілігіне тәнті болды.

– Маған бәрінен бұрын шырша ұнады. Ол өте әдемі безендірілген. Түрлі-түсті ойыншықтар мен жалт-жұлт еткен жарығынан көз сүрінеді. Уақытымызды көңілді өткіздік. Биледік, ойнадық, күлдік. Мен жаңа жылды асыға күтемін. Адамдар бір-біріне сый жасап, қуантады. Жақсы тілектер айтады, – дейді Гаухар.

Жасыл шырша жаңындағы балдырғандарға жергілікті «Шолпан», «Бозторғай» және «Қуаныш» балалар ансамбльдері концерттік номерлер ұсынды.

Әр балаға Президенттен ағаулы құттықтау картасы, «Алиса» ақылды колонкасы, құлаққап, тәттілер және үш тілде ертегілер кітабы берілді. Іс-шарадан кейін балаларға арналған мерекелік дастархан жайылды.

## ● ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН МЕКТЕБІНЕ – 30 ЖЫЛ

### Бірегей білім ордасы

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Еліміз Тәуелсіздік алған тұста Майқұдықтағы №76 мектеп қазақ тілінде білім беретін мектеп болып қайта құрылды. Мектептің жас басшысы Тілеуғалы Әміртайұлының және бір топ белсенді азаматтардың бастамасымен, сол кездегі ұйымшыл ұжымның және Шаймерден Оразалиновтей біртуар қала басшысының қолдауымен көп ұзамай мектепке ұлт көсемі Әлихан Бөкейханның есімі берілді. Білім ошағы бірте-бірте еңсесін тіктеп, Қарағандыдағы іргелі оқу ордасына айналды. Мектеп аясында аспанға көтерілген Әлихан Бөкейхан рухы, асқақтай келе Октябрь атауын ығыстырып тастады. Осылайша, рух ошағына айналған Әлихан Бөкейхан мектебі 30 жылдығын Әлихан Бөкейхан ауданында дүбірлетіп атап өтті.

Бірнеше бөлімнен тұрған мерейлі мерекелік кешке мектептің ардагер ұстаздары, осында басшылық қызметте болған алдыңғы толқын ағалар, мектеп түлектері, ата-аналар һәм басқа да қонақтар қатысты.



Мектептің мейманасын тасытып, жан-жақтан жиылған қонақтар алдымен тарих залымен танысты. Мектепте Әлихан Бөкейхан атындағы және аймақтың тарихынан мол мәлімет беретін екі бірдей музей бар. Бүгінде білім ошағы ақпараттық базамен толық қамтылған, жүйелі жөндеуден өткен.

Әр мерейтой өз жаңалығымен де қызықты. Әлихан мектебі мерейлі жылды қол қусырып өткізген жоқ. Мектеп директоры Айнұр Жаппарқұлованың бас болуымен жиын жұп-жұмыр әрі жинақы

өтті. Әлихан мектебінде 30 жылдық мерейтойға орай бүгін үш кабинет, бір жасыл бұрыш ашылды.

Атап айтсақ, ашылған «Коворкинг» орталығында мұғалімдер шығармашылығын дамыта отырып, идеяларына қанат бітіре алады. Мұнда кітапхана, жұмсақ әрі жайлы жиһаз және компьютерлер қойылған. Ең бастысы мұғалімдерді адал жұмыс істеуге жетелейтін ұстаз этикасы жайлы ұлы тұлғалардың сөздері ілінген.

## ● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

### Заңсыз сауданың жолы кесілді

Қарағанды облысында «Пиротехника» жедел профилактикалық шарасы өтуде. Жаңа жыл мерекесінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында өткен шара барысында 842 мың теңге айыппұл салынды. Бұл туралы ekaraganda.kz мәлім етті.

– Облыс аумағында «Пиротехника» республикалық жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде. Рейдтік топ 86 іс-шара өткізді. Бұдан басқа, полициялар жеке және заңды тұлғалардың пиротехникалық заттар мен бұйымдар айналымының белгіленген ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады, – деп хабарлады Қарағанды облысы полиция департаментінің баспасөз қызметі.

Шара барысында пиротехникалық заттарды заңсыз сатқан 13 жағдай анықталып, ҚР әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 196-бабы бойынша әкімшілік хаттамалар толтырылды. 214 дана зат тәркіленіп, 842 мың теңге айыппұл салынды.

Нақты айтқанда, Қарағанды қаласында пиротехникалық заттарды құжатсыз сатқан екі адам, Теміртау қаласында бір адам анықталып, заттары тәркіленді. Балқаш қаласының 21 жастағы тұрғыны тауарды интернет арқылы сатқаны үшін жауапкершілікке тартылды.

Өз тілшімізден



# Айтар сын, тағар міні жоқ



# Бірегей білім ордасы

Өндірістік-инновациялық компаниясы» ЖШС асханалар желісін жөндеп, іске қосуда да тәжірибесі барын көрсетіп келеді.



Асхана – барлық талаптарға сай. «Ютария Ltd» ӨИҚ ЖШС-нің білікті мамандары жөндеу жұмысын межеленген уақытта мәреге жеткізді. Ең бастысы, сапалы. Компания демонтаждау, монтаждау жұмыстарын атқарумен қатар, сумен жабдықтау, кәріз, жылу жүйесін ауыстырды. Желдету жүйелерін орнатты. Жоғары технологиялық жабдықтауға іске қосты.

Асхананың ішкі қосалқы және негізгі үй-жайларын безендіруде қабырғаға, еденге озық қаптау материалдары қолданылды. Ыстық цехқа, кір жуатын бөлмелерге, қоймаларға және дәліздерге дыбыс реттегіш металл типтес төбелер орнатылды. Асханада жууға арналған аспалы төбелер, флуоресцентті Армстронг шамдары бар. Жөндеу жұмыстары өндірістік процесс бойынша тиісті деңгейде, санитарлық параметрлерге сай.

Жезқазған қаласындағы «Ютария Ltd» ӨИҚ ЖШС-нің жеке жабдықталған базасы бар. Алюминий және металл-пластикалық бұйымдарды жасайтын, электр және сантехникалық, желдету жөнінде ма-

жөндеу жұмыстарын атқарды. Оның ішінде, №1 Жезқазған кен-байыту комбинатының №1, 2, 3, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорны, «Қарашомақ» Жезқазған кен-туннельдік тресі, №67 «Батыс» кеніші, №65 Оңтүстік Жезқазған кеніші, Технология колледжі жанындағы асхана, Тау-кен жабдықтау зауыты.

Қазіргі таңда Жомарт кенішіндегі асханада, «Западный» кенішінің №73/75 шахтасында, Шығыс Жезқазған кенішіндегі №55 шахтада жөндеу жұмыстары жүргізілуде. «Қазақмыс» корпорациясының жөндеу жұмыстарына жауапты «Ютария Ltd» ӨИҚ ЖШС компаниясы туралы пікірі түзу. Жұмыстарына айтар сын, тағар міні жоқ. Сонымен қатар,



мандар, түрлі деңгейдегі құрылысшылар жетерлік.

«Қазақмыстың» азық-түлік нысандары нормалар мен бірыңғай стандартқа сәйкестендіру жөніндегі инвестициялық бағдарламасы 2021-2024 жылдарға жоспарлана, биыл компания біраз жөндеу жұмысын сәтті өткерді. Атап айтсақ, 2022 жылы «Қазақмыс» корпорациясының бірқатар нысандарында ағымдағы

компанияның жаңа жылға да батыл жоспары бар екендігін атап өткен абзал. «Ютария Ltd» алдағы жылы Қарағанды, Балқаш және Жезқазғандағы асханаларда жөндеу жұмыстарын жүргізуді көздеп отыр. Тек жыл басынан бергі жасалған жұмыстардың өзі компанияның келешегі кемел екенін айқындап, өндірістері өз орнын табуға толық мүмкіндік.

№328

## Жан АМАНТАЙ, «Ortalay Qazaqstan»

Мәселен, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС инвестициялық бағдарламасы аясында «Қазақмыс Холдинг» және оның мердігерлері қызметкерлерінің әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын жақсарту мақсатында «Ютария Ltd» өндірістік-инновациялық компаниясы» ЖШС-мен қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындарында ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізуге келісімшарттар жасалған. Соның негізінде бүгінде бірнеше асхана жөндеу көрді. Талаптарға толық жауап беріп, қатарға қосылды.

Кешегі күні дәл сондай асхана Қарағанды қаласындағы Приштинск автобазасында есігін айқара ашты. Бұл – жаңа заманауи асхана. Аталмыш асхана – «Ютария Ltd» серіктестігі жөндеуден өткізген бесінші асхана. Ал, Қарағанды облысындағы бірінші асхана.

## Хабарландыру

«ҚазТрансГаз Аймақ» акционерлік қоғамының Қарағанды өндірістік филиалы ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2022 жылғы 31 қаңтар сағат 11:00-де Қарағанды облысы, Қарағанды қ. а., Қарағанды к., Ермеков к-сі 104/1, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қарағанды ҚФ мекенжайы бойынша «Қарағанды қаласының «Сары-Арқа» МГ АГРС – «Қарағанды» МГ газ тарату желілерінің шығарындылары көздерінен атмосфераға жол берілетін шығарындылар нормативтерінің жобасы бойынша және 31 қаңтар сағат 15:00-де Қарағанды облысы, Теміртау қ. а., Теміртау к., Тәуелсіздік бульвары к-сі, 12, Теміртау қаласы әкімдігінің ғимараты мекенжайы бойынша «Теміртау қаласының «Сары-Арқа» МГ АГРС – «Теміртау» газ тарату желілерінің шығарындылары көздерінен атмосфераға жол берілетін шығарындылар (ХДВ) нормативтерінің жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>), сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

## Объявление

ТОО «Карагандинский производственный филиал акционерного общества «КАЗТРАНСГАЗ АЙМАК» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 11 часов 00 мин. 31 января 2023 года по адресу Карагандинская область, Караганда Г.А., г.Караганда, ул. Ермекова 104/1, Карагандинский ПФ АО «КазТрансГаз Аймак» по проекту «Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) в атмосферу от источников выбросов газораспределительных сетей города Караганда от АГРС – «Караганда» МГ «Сары-Арқа», а также в 15 часов 00 мин. 31 января по адресу Карагандинская область, Теміртау Г.А., г.Теміртау, ул. Бульвар Независимости, 12, здание Акимата города Теміртау по проекту Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) в атмосферу от источников выбросов газораспределительных сетей города Теміртау от АГРС – «Теміртау» МГ «Сары-Арқа» состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>), а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>) және ЖАО сайтында ұсынылады <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Онлайн қосылуларға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqRl1TMVqFqKytQONXbvg>

Конференция идентификаторы: 320 844 9619

Пароль: 8dxvkq  
Қосымша ақпаратты Қарағанды қ. а., Қарағанды к., Ермеков к-сі 104/1, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қарағанды ҚФ және Теміртау қ. а., Теміртау к., Тәуелсіздік бульвары к-сі, 12, Теміртау қаласы әкімдігінің ғимараты мекенжайы бойынша және 87053452360 телефоны арқылы алуға болады.

принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>) и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Ссылка на онлайн подключение <https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqRl1TMVqFqKytQONXbvg>

Идентификатор конференции: 320 844 9619

Пароль: 8dxvkq  
Дополнительную информацию можно получить по адресу Карагандинская область, Караганда Г.А., г.Караганда, ул. Ермекова 104/1, а также Теміртау Г.А., г.Теміртау, ул. Бульвар Независимости, 12, здание Акимата города Теміртау и по телефону 87053452360.

№908

## Хабарландыру

«Тектурмас Ресурсис» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2023 жылғы 30 қаңтар сағат 14:30-да Қарағанды облысы, Краснополянский а.о., Красная поляна а., Байқоңыр к-сі, 24-ғимарат мекенжайында Қарағанды облысы Тектурмас учаскесінде хром кендері мен ілесіле компоненттері барлуа жоспарына «қоршаған ортаға әсерді бағалау» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>), сондай-ақ ЖАО сайтында танысуға болады <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Барлық ескертулер және / немесе ұсыныстар бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>) қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар енгізілген жағдайда қоғамдық тыңдаулар онлайн-режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (<https://ecportal.kz>) және ЖАО сайтында ұсынылады <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Онлайн қосылуларға сілтеме: <https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqRl1TMVqFqKytQONXbvg>

Конференция идентификаторы: 320 844 9619

Пароль: 8dxvkq  
Қосымша ақпаратты Қарағанды облысы, Краснополянский а.о., Красная поляна а., Байқоңыр к-сі, 24 ғимараты мекенжайы бойынша алуға болады.

## Объявление

ТОО «Тектурмас Ресурсис» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК, сообщает, что в 14 часов 30 мин. 30 января 2023 года по адресу Карагандинская область, Краснополянский с.о., с.Красная поляна, ул.Байқоңыр, здание 24, по проекту «Оценка воздействия на окружающую среду» к плану разведки хромовых руд и попутных компонентов на участке Тектурмас в Карагандинской области состоятся общественные слушания в форме открытого собрания.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>), а также сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Все замечания и/или предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>).

В случае введения чрезвычайного положения и (или) ограничительных мероприятий, в том числе карантин, чрезвычайных ситуаций социального, природного и техногенного характера, общественные слушания проводятся в онлайн-режиме. Активная ссылка будет предоставлена на Едином экологическом портале (<https://ecportal.kz>) и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru>.

Ссылка на онлайн подключение <https://us04web.zoom.us/j/3208449619?pwd=jPdWJlD8KqRl1TMVqFqKytQONXbvg>

Идентификатор конференции: 320 844 9619

Пароль: 8dxvkq  
Дополнительную информацию можно получить по адресу Карагандинская область, Краснополянский с.о., с.Красная поляна, ул.Байқоңыр, здание 24.

№331

## ҚР дамуының кеңестік моделі

Халқымыздың тарихы бізге дінде деген қозғарастың әртүрлі кезеңдерін көрсетеді. Бекітілген мемлекеттік діннің болуынан зайырлы модельге дейінгі кезеңдерден өткеннен кейін біз де атеизм кезеңінен өттік. Бай тәжірибеге сүйене отырып, біз тәуелсіз көпұлтты және көпконфессионал мемлекет ретінде конституциялық тұрғыдан өзмізді зайырлы деп бекіттік. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан бастап мемлекет, ҚХА және діни бірлестіктер бірдей таратқан халқымыздың рухани құндылықтары теократиялық немесе атеистік мемлекет моделін қолдай отырып, өткен ұрпақтардың күш-жігерін құнысздандыруға және халқымыздың рухани салада таңдау құқығынан айыруға мүмкіндік бермейді. Сондықтан зайырлылықтың негіздері: мемлекеттік діннің болмауы, діни сенім бостандығы, діндердің теңдігі, сондай-ақ дін мен діни бірлестіктердің мемлекеттен бөлінуі.

Дінді мемлекеттен бөлу қағида-дәттарын қамтамасыз ете отырып, біз де конфессияаралық он қарым-қатынасты қамтамасыз етеміз. Бүгін ҚР-да 18 конфессия тіркелген. Қарағанды облысында ресми түрде 15 конфессия жұмыс істейді, олардың өкілдері 2021 жылы құрылған діни бірлестіктер клубының құрамына кіреді. Конфессиялардың әрқайсысы конфессиялық ілімдерге

сәйкес нормалар мен ережелерді ұстанады, бірақ барлық айыр-машылықтармен, мемлекет сияқты, жас ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесіне айтарлықтай үлес қосады. Күш-жігерді, мемлекеттік органдарды, қоғамдық ұйымдарды, сондай-ақ діни бірлестіктердің өкілдерін біріктіре отырып, облыс халқының барлық санаттары арасында профилактикалық іс-шаралар өткізуді қамтамасыз етеді. Бір конфессиялар арасындағы ғана емес, сонымен бірге діни бірлестіктермен теократиялық немесе атеистік мемлекет арқасында біз өз алдымызға ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу, сондай-ақ халқымыздың рухани құндылықтарын насихаттау мақсаттарын қоямыз.

Осы жағдайларға сүйене отырып, біз бүкіл әлем үшін конфессияаралық келісімнің үлгісі екенімізді сенімді түрде айта аламыз. Қиын және қуанышты кезеңдерде дін көршісіне деген сүйіспеншілікті насихаттау арқылы бірлікке ықпал етті. Өзін зайырлы мемлекет ретінде көрсете отырып, Қазақстан таңдаған жол – діндерді өзара құрметтеу, конфессияаралық келісім, азаматтардың теңдігі, діни сенім бостандығы және этносаралық игі қарым-қатынас жолы.

Е.МАЙБОДА  
№327

Теміртау қалалық сотында судья Л.Д.Токшылыкова Наумов Александр Романовичтің өтініші бойынша, мекенжайы: ҚР, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, Металлургтер даңғылы, 15/1-60, Теміртау қаласының тұмасы, 27.05.1987 ж.т. Наумов Павел Владимировичті хабарсыз кеткен деп тану туралы іс қозғады. П.В.Наумовтың қайда жүргені туралы білетін жандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап, үш ай мерзім ішінде сотқа хабарласулары сұралады.

№907



## ● КӨРМЕ

# Қылқаламдағы өмір бояулары

Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық бейнелеу өнері мұражайында Қазақстан Суретшілер одағы мүшелерінің есеп беру көрмесі ашылды. Одақтың облыстық филиалы жарты ғасырдан астам уақыт аймақтың мәдени өміріне зор үлес қосып, өткен ғасырдың 80-жылдарында Қарағандыда бейнелеу өнері мұражайын құруға бастамашы болып, қылқалам шеберлерінің бір ортаға шоғырлануына ықпал етіп келеді. Екі апта бойы қала тұрғындарының назарына ұсынылатын көрме «Өмір бояулары» деп аталады.



– Көрме үнемі қыста өтеді. Бұл жолы жанрлар мен орындау әдістерінің аясы кең, ал барлық жұмыс жаңа. Жаңа есімдер де баршылық. Олардың арасында Суретшілер одағына әлі мүшелікке өтпегендер, сондай-ақ жоғары оқу орындары мен колледждерде бейіндік мамандық бойынша оқитын жас шеберлер де бар. Десек те, авторлар талпынып, тәжірибе алмасып, шығармашылық жолын жалғастыруда, жеке көрмелерге дайындалуда және дамыған үстіне дамуда, – деді музей басшысы Бибігүл Құдабаева.

Қарағандылық өнертанушы Лариса Золотарева-ның да көрме хақында өз айтары бар.



– Экспозиция жұмыстарының ішінде балалық шақ тақырыбы ерекше көзге түседі. Мұнда эмоционалды да нәзік үш туындысын ұсынған Мадихан Қалмаханов көш бастап тұр. Менің де туындыларым бар. А.Исмаилов атындағы Шахтинск мектебінің суретші-педагогтері да қатысып жатыр. Кейбір авторларды Олаққа қабылдауды қарастыруды ұсынамын, – деді өнертанушы.

Татьяна Бакалкина, Елена Колягина, Альбина Қасымова, Анастасия Скорикина, Ульяна Орендовская және Арай Қасым сынды қылқалам шеберлері мұражайға картиналарын көрмеге қою мүмкіндігі үшін алғыс айтты. Олар бұған дейін көрмеге қатысуды армандап жүргенін де жасырмады.

Көрменің ашылуына Теміртау тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері де қатысты.


– Шабыт көбіне ұлттық тақырыптардан туындайды. Мен ұсынған жұмыстарымның бірі, жіптерді қолдана отырып, аралас медиа картонды жасалған «Память» туындысы осы жіптерге оралған сияқты орман бұғысын бейнелейді. Мұндай суретті жасау идеясы маған мұражайдың жас келушілерімен кездескеннен кейін келді, – деді суретші, Теміртаудағы мұражай көрмелерінің дизайнері Хайниса Мұстафина.

Жұмыс күндері бейнелеу өнері мұражайы сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін, демалыс күндері сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс істейді. Билет бағасы – 80-200 теңге аралығында.

## ● БӘРЕКЕЛДІ!

# Бас шыршаның шырағы жанды

Кеншілер астанасы – Қарағандыдағы Тәуелсіздік алаңында орналасқан қаланың басты шырша-сы жағылды. Қала тұрғындарының көңілін көтеріп, алаңға әр берген шараның соңы салтанатты отшашу рәсіміне ұласты. Ата-аналар мен балақайлар бас шыршаның маңында суретке түсіп, отшашу тамашалап мәре-сәре болды.



Жәлел ШАЛҚАР,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Бұдан бөлек, Тәуелсіздік алаңында қала тұрғындары үшін жаңажылдық концерт ұйымдастырылды. Дәстүр бойынша, қала тұрғындарын шырша жағу кезінде Аяз Ата мен Ақшақар құттықтады. Жиынға арнайы келген жұртшылықтың алдында достық қошеметпен өткен жылдың символдық кілтін жаңа 2023 жылдың символы – қоянға салтанатты түрде барыс табыстады. Аяз Ата мен Ақшақар көпшілікпен бірнеше ойын өткізіп, жеңімпаздарға түрлі сыйлық таратты. Аязға қарамастан, қаланың кішкентай тұрғындары ойынға қуана-қуана қатысты.

Тәуелсіздік алаңындағы бас шыршаны жағу рәсімінен кейін Қарағанды орталық саябағында желілік мұз айдынының ресми

ашылуы және саябақ шыршасын жағу салтанаты өтті.

Қарағандыда Мәскеудегі Горький саябағындағы мұз айдынының үлгісімен құрылған желілік мұз айдыны осымен екінші жыл жұмысын бастады. Мұз айдынының басты ерекшелігі – мұздың өзі емес, кеңістіктің заманауи дизайны, жайлы ағаш қоршаулар, әсем безендірілген жол бойы жаңа жылдық көңіл-күй қалыптастырады және келушілерге жаңажылдық суретке түсу үшін таптырмас орын.

Быттыр орталық саябақтағы желілік мұз айдыны алғаш ашылғанда 30 мыңға жуық адам келіп, сырғанақ тепкен. Бұл конькиді жалға алғандар ғана. Келушілердің нақты санын есептеу мүмкін емес. Өйткені, әркім өз конькимен келуге де болады.

Быыл мұз айдынының аумағы быттырғыға қарағанда үлкен.

Ұзындығы – 930 метр, ал ауданы 6200 шаршы метрді құрайды. Мұз айдыны кеңейгендіктен, тұрғындарға ыңғайлы болу үшін саябақ қызметкерлері мұз айдынының үстінен өтетін көпір салды. Бұл көпір тұрғындарға Тәуелсіздік алаңынан жағалаудың ортасына өтуге мүмкіндік береді.

Орталық саябақтағы желілік мұз айдынының жұмыс кестесі келушілер санына байланысты күн сайын күндізгі сағат 12:00-ден шамамен түнгі 22:00-ге дейін жоспарланған. Қарағандылықтар үшін конькиді жалға беретін 2 пункт ұйымдастырылған. Коньки құны – 500 теңге.

Сонымен қатар, 1 қаңтар күні Қарағанды қаласының орталық саябағында, сондай-ақ, мәдениет сарайларының алаңында мерекелік концерттер өтетінін айта кеткен жөн. Онда жұрт мерекелік отшашуға куә болады.

## ● ТАУСЕРУЕН

Жан АМАНТАЙ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Skif – Qazaqandy облыстық спорттық клубы қысқы тау спортына қызығушылардың басын қосқан бәсеке өткізді. Ол – «QARLY TAUSERUEN» аталды. Қысқы тау спортының бұқаралық сипат алуына үлесі зор мұндай шаралар аталған клуб тарапынан үнемі ұйымдастырылып келеді. Бұл жолы жарыс – Бауыржан Момышұлының рухына арналды.

Бәсеке Құрма ауылының тұсындағы Соңақ тауының шоқыларында өтті. Соңақ тауы Қарағанды-Алматы тас жолынан үш шақырым солға қарай орналасқан. Теңіз деңгейінен 727 метр биіктікте.

Бәсеке бірнеше бағытты қамтып, жиналғандар назарына қызықты шаралар ұсынылды. Жарыс бағдарламасы Соңақ тауына Бауыржан Момышұлының құрметіне арналған жаппай трекинг, ескерткіш тактаймен Соңақ тауына жүгіру, мықтылардың күш сынасуынан тұрды. Бұған қоса, түрлі ойын-сауық, денешынықтыру-сауықтыру бағдарламасы ұйымдастырылды. Ереже бойынша бұл шараға 12 жастан асқан спортшылар мен қызығушылар қатыса алады. Кәмелетке толмаған

# Жотадағы жорық: Батыр рухына



балаларға ата-анасының рұқсаты керек.

Дегенмен, қысқы тау спортына қызығушылар қарасы аз емес. Олардың жас ерекшеліктері де әр алуан. Мысалы, кеше қатысқан спортшылардың ең үлкенінің жасы 70-ге. Ол – Төлеутай Жаманбек есімді ақсақал. Ең кішісі – Алан Герасимов, 10 жаста.

Сонымен, бәсекенің қорытындысы бойынша 12-15 жас аралығындағы жүлдегерлер ретінде Сарман Рамизан, Станислав Тищенко, Мирас Капай танылды.

16-20 жастағы спортшылардан кара үзген Нұрлан Арон, Олег Попов, Диас Еркем болды. 36-49 жастағы қатысушылар ортасынан Ердоқ Төлеутай, Ербол Искаков, Мейрам Искаков оқ бойы оза шықты.

«Күш атасын танымас» дейтін қазақ макалының растығын дәлелдеген – Денис Почепцов болды. Ол қойды 313 рет көтеріп, бәсекелестерін шаңына ілестірген жок. Осылайша қыс қызығын және бұқаралық спорттың мәнін паш еткен тағы бір айтулы шара жалғасын тапты.

## ● ХОККЕЙ

# Жеңілгенмен, көш бастап тұр

Ел чемпионатының кезекті турында қарағандылық «Сарыарқа» өз алаңында Nomad Astana хоккей клубын қабылдап, 2:3 есебімен жеңіліп қалды.



Қарағандылықтардың жеңіс жорығы осымен тәмам. Бұған дейін қарсыластарын ірі есеппен жеңіп жүрген жерлестер бұл жолы елордалықтардан аясын асыра алмады. Күні бұрын болған кездесуде де қарағандылықтар қарсыластарына есе жіберген.

Алғашқы таймның алғашқы минутында жерлестер есеп ашты. Гол авторы – Никита Клещенко. Араға жеті минут салып, жерлестер есепті еселеді. Бұл жолы Артем Расулов әріптесі Денис Чапоровтың берген пасын қақпаға бағыттап, шабуылды нәтижемен аяқтады. Осылайша алғашқы тайм 2:0 есебімен қарағандылықтардың пайдасына шешілді.

Бұл таймнан кейін қарағандылықтардың ойыны жұрмеді. Шабуыл әлсіреп, соққылары қақпаға дарымады. Осы бір сәтте астаналықтар өз пайдасына шешіп, 24-ші минутта есеп алшақтығын қысқартты. Гол авторы – Дмитрий Макеев. 44-ші минутта Максим Мухаметов есепті теңестірді. Үш тайм қорытындысы бойынша таразы басы тең болғандықтан, қос командаға қосымша минут берілді. Өкінішке қарай, жерлестер бұл уақытта қарсылас шабуылына төтеп бере алмады. Денис Недилько шешуші голды салып, командаластарын жеңіске жеткізді.

Жерлестер бұл кезеңде жеңілгенмен, турнир кестесіндегі өз орнын сақтап қалды. Қазіргі уақытта олардың қоржынында 62 ұпай бар. Ал, сырт алаңда жеңіске жеткен елордалықтар 51 ұпаймен жерлестерді өкшелеп келеді.

## ● КАРАТЭ

# Никита жарады

Ташкентте кадеттер, жастар және ересектер арасында WKF каратэден құрлық біріншілігінде қарағандылық Никита Тарнакин жүлдемен оралды.

Аталмыш додаға 22 елден 500-ге жуық спортшы қатысқан. Қазақстандық каратэшілер қарсыластарын жолда қалдырып, турнир қорытындысы бойынша жалпы командалық есепте II орынға ие болды. Облыс құрамасының намысын қорғаған Никита Тарнакин (бапкері В.Бокий) ересектер арасында кумите командасында – II орын, жастар арасында жеке кумитеден – III орынға ие болды.

## ● КИКБОКС

# Азия чемпионатынан жүлдемен оралды

Бангкок қаласында ересектер арасында кикбоксингтен Азия чемпионаты өтті. Қарағанды облысының аттымен барған жерлестер чемпионаттан жүлдемен оралды.

Аталмыш чемпионат қорытындысы бойынша ел қоржынына 36 медаль түскен. Жалпы командалық есеп бойынша ел құрамасы I орынға ие болды. Дүбірлі додадан жүлде салған спортшылардың қатарында қарағандылықтар да бар. Руслан Степанов қарсыластарын жолда қалдырып, турнирдің алтын медалін жеңсе, Әкім Бекболат күміс жүлдегер атанды.

Дайындаған  
Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Біздің сайт: [www.ortalyq.kz](http://www.ortalyq.kz)

Таралымы 6 230

Электрондық пошта: [ortalyk.kz@gmail.com](mailto:ortalyk.kz@gmail.com) [ortalyk.kaz@mail.ru](mailto:ortalyk.kaz@mail.ru)

Жарнама бөлімі: [ortalyk.reklama@mail.ru](mailto:ortalyk.reklama@mail.ru)

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ:  
«Saryarqa aqarat» жауапкершілігі шектелуі серіктестігі  
Директор **Қ.Ж. ӘБІЛДА**  
Директордың орынбасары –  
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы  
**О.В. МЯКИХ**  
Директордың орынбасары  
**Г.Ш. ЖҰМАДІЛДИНОВА**  
Бас редактор  
**Е.К. МҰСАБЕК**  
Бас редактордың орынбасары  
**Н.С. ДҮТБАЙ**  
Интернет-редакция редакторы  
**І.Д. МҰҚАЙ**  
Жауапты хатшы  
**Қ.Б. ҒАЛЫМ**

**Телефондар:**  
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Экономика бөлімі: 43-31-77  
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88  
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72  
Әлеумет бөлімі: 43-49-72  
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92  
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;  
Компьютер орталығы: 43-58-08.  
**Меншікті тілшілер:**  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13  
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19  
Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

• Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.  
• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген. **Б**  
• Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

№144 тапсырсы. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС  
баспаханасында басылды.  
**Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.**  
Газеттің компьютерлік  
орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор  
**Салтанат ЛИЯШ**



Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда  
№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.